

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 наурыздағы № 130 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Бас диспетчерлік басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі құрылсын.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік мекемені қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне көзделген қаражат есебінен және соның шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесінде:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі" деген 1-бөлім мынадай мазмұндағы 241-тармақпен толықтырылсын:

"241. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Бас диспетчерлік басқармасы.";

2) "Мемлекет шекараларында заңсыз сауда айналымына қарсы іс-қимылдың кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 тамыздағы № 585 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекет шекараларында заңсыз сауда айналымына қарсы іс-қимылдың кешенді жоспарында:

реттік нөмірі 40-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Мемлекеттік кірістер комитетінің " Ахуалдық орталық" және "				
--	---	--	--	--	--

40.	Электрондық декларациялау орталығы" басқармаларының базасында инспекциялық-төксеріп қарау кешендерінің рентген-суреттеріне қашықтықтан талдау жүргізу және тауарлар мен көлік құралдарына кедендік жетексеруді жүргізуді бақылау үшін бас диспетчерлік басқарма құру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2022 жылғы 2-тоқсан	Қаржымині, АШМ, ҰҚК (келісу бойынша)	талап етілмейді
-----	--	---	---------------------	--------------------------------------	-----------------

"

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов